

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҒЫНА ҚЫСҚАША АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ 2023 жылдың II-тоқсаны

Бөлшек саудалық депозиттер нарығының даму барысы

Халық депозиттері 2023 жылдың II-тоқсанында дамуын одан әрі жалғастырып, рекордтық көрсеткіштерге жетті.


Бұл үрдіс халықтың алатын табысының өсуін¹ және депозиттердің табыстылығы мен банктік қызмет көрсетудің ыңғайлылығына байланысты тартымдылығының сақталуы себебінен туындап отыр. Айталық, жеке тұлғалардың депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердегі депозиттері II тоқсанда 849,8 млрд теңгеге (немесе +5,0%-ға) артты (*1-ші сурет*). Жылдық есепте өсім 31,4%-ды құрады – бұл 2015 жылдан бергі максималды көрсеткіш (өткен жылдың сәйкес кезеңінде 10,6% болған еді). Нәтижесінде қатысушы банктердің бөлшек саудалық депозиттік портфелі бір жыл ішінде 4 трлн теңгеден астамға ұлғайып, 2023 жылдың II тоқсанының соңына қарай 18,0 трлн теңгеге жетті.

Есепті тоқсанда жеке тұлғалардың шоттарының санының өсімі 3,2% болды. Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында бұл көрсеткіш 3,8% болған еді. Шоттар санының өсуінің бәсеңдеуіне қарап, депозиттік база жаңа шоттардың ашылуынан ғана емес, бұған дейін ашылған шоттардың толықтырылуы есебінен де өскендігін байқаймыз.

Бөлшек саудалық депозиттердің өсуінің қозғаушы күші – әлі де теңгелік депозиттер. Бірінші тоқсанда теңгелік салымдарды қорғау бойынша мемлекеттік бағдарламаның аяқталу қорытындысы бойынша теңгелік депозиттердің ішінара алынуына байланысты Қордың алаңдаушылық білдіргені негізсіз болып шықты. Салымшылардың көпшілігі бағдарлама аяқталған соң, депозиттерін банктерде қалдырды. Олардың бұлай шешім қабылдауына сыйақы мөлшерлемелерінің жоғары болуы және халықтың теңгеге деген сенімінің артуы ықпал етті. Өйткені теңгенің айырбас бағамы тұрақталған еді. Қорытындысында II-тоқсанда теңгелік депозиттердің өсімі 8,6%-ды (989,5 млрд теңге), ал бір жыл ішінде – 40,7%-ды (3,6 трлн теңге) құрады (*2-сурет*).

Шетел валютасындағы депозиттердің көлемі 2022 жылдың 4-тоқсанынан бері төмендеп жатыр. Бұл халықтың валюталық жинақ ақшаларының біртіндеп теңгелік депозиттерге ауыса бастағандығын, сондай-ақ валюталық депозиттердің иелерінің ақша инвестициялаудың басқа да құралдарын қарастыра бастағандығын көрсетеді. Есепті тоқсанда валюталық депозиттердің көлемі 2,5%-ға (-139,7 млрд теңге) төмендеді. Дегенмен жылдық тұрғыда оң серпін сақталуда – валюталық сегмент 14,1%-ға (675,4 млрд теңге) жоғарылады (*3-сурет*).


1-сурет. Бөлшек саудалық депозиттердің өсу қарқыны рекордтық мәнге жетті



2-сурет. Бөлшек саудалық депозиттік базаның басты қозғаушы күші теңгелік депозиттер болып қалуда



3-сурет. Валюталық депозиттердің жылыстауы жалғасуда



¹ халықтың атаулы табыстары 2023 жылдың II-тоқсанында 4%-ды, ал жылдық тұрғыда 15,6%-ды құрады, www.stat.gov.kz

Депозиттерді сегменттер бойынша орналастыру құрылымы

- Бұқаралық сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеге дейін болатын депозиттер.

- Орта сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейін болатын депозиттер.

- Ірі сегмент – қалдық ақшасы 50 млн теңгеден асатын депозиттер.

Депозиттердің сегменттер бойынша құрылымында бұқаралық сегменттің орта және ірі сегментке өтіп жатқаны әлі де байқалады. Мұның басты себебі – азаматтардың табыстарының жалпы деңгейінің артуы. Нәтижесінде депозиттердің құрылымында бұқаралық сегменттің үлесі бір жыл ішінде 2,7 пайыздық тармаққа төмендеді, ал орта және ірі сегменттердің үлесі сәйкесінше 2,1 және 0,6 пайыздық тармақтарға жоғарылады (4-сурет). Орта және ірі сегменттердің үлестерінің артуы халықтың ақша жинау белсенділігінің жоғарылағандығын білдіреді.

Барлық сегменттерде шетел валютасындағы депозиттер -1,9%-дан -2,7%-ға дейін жылыстады (5-сурет). Бұған ұлттық валютада ақша жинаудың тартымдылығының артуы, салық төлеу кезеңінде валюталық активтерді алып қою мүмкіндігі, маусымдық шығындардың өсуі және сыртқы нарықтарда жағдайдың біршама тұрақталуына байланысты адамдардың валютада басқа да инвестициялау құралдарын іздей бастауы себеп болды. Дегенмен жылдық тұрғыда валюталық депозиттердің өсу серпіні оң сипатқа ие – валюталық сегмент негізінен осындай салымдардың 2022 жылдың IV-тоқсанында көптеп ашылуы есебінен 14,1%-ға (675,4 млрд теңгеге) артты.


Салымдарды мерзімділік өлшемшарты бойынша орналастыру құрылымы

Мерзімділік талаптарына сәйкес келмейтін депозиттер (мерзімсіз салымдар) бөлшек саудалық депозиттік портфельдің негізгі бөлігін құрайды – 63% (6-сурет). Халық тарапынан мұндай депозиттерге деген қызығушылық сақталуда. Өйткені сыйақы мөлшерлемесі жоғары және оны кез келген уақытта толықтыруға және одан толықтай немесе жартылай ақша ала беруге болады. Мерзімсіз салымдардың өсімі 2023 жылдың II-тоқсанында 4,9%-ды (жылдық есепте – 36,0%), оның ішінде теңгеде – 10,9%-ды (жылдық есепте – 61,1%) құрады.


Бұдан басқа, депозиттердің құрылымында ағымдағы және карточкалық шоттар (депозиттік портфельдің 16,9%-ы), сондай-ақ сыйақысы мемлекет тарапынан субсидияланатын тұрғын үй және білім беру депозиттері (депозиттік портфельдің 12,7%-ы) жоғары үлеске ие.

Жинақ салымдардың тұрақты түрде өсіп жатқандығына қарамастан (2023 жылдың II-тоқсанында +5,9%, бір жыл ішінде +21,7%), тұрақты қорландыру үлесі² әлі де төмен


4-сурет. Орта және ірі сегменттердің үлестері өсуде



5-сурет. Валюталық депозиттердің теңгелік депозиттерге ағылуы барлық сегменттерде байқалды



6-сурет. Мерзімсіз депозиттер - банктердің депозиттік портфельінің негізі (трлн теңге)



² Тұрақты қорланым тұрғын үй құрылыс жинақтары және мемлекеттік білім беру жинақ жүйесі аясында ашылған депозиттерді қоспағанда, мерзімді және жинақ депозиттерді қамтиды

деңгейде (6-сурет). Алайда банктердің жиынтық бөлшек саудалық депозиттік портфелінде жинақ салымдардың көлемі әлі де төмен деңгейде, үлесі – бар болғаны 6,7%. Есепті тоқсанда мерзімді депозиттер 7,2%-ға (жылдық есепте -20,7%) қысқарды. Нәтижесінде 2023 жылдың 01 шілдесіне қарай тұрақты қорландыру үлесі сәйкесінше 2022 және 2021 жылдардағы 9,7% және 12,4%-бен салыстырғанда 8,4%-ға дейін төмендеді.

Салымдарды долларландыру

Долларландыру деңгейінің төмендеу үрдісі 2023 жылдың II-тоқсанының қорытындысы бойынша сақталуда (7-сурет). Бұл халықтың теңгелік салымдарға деген қызығушылығының нәтижесі. Есепті тоқсанда теңгелік депозиттердің көлемі +8,6%-ға өссе, шетел валютасында керісінше -2,5%-ға төмендеді. Қорытындысында тоқсанның соңына қарай долларландыру деңгейі 30,4%-ға дейін төмендеді. Бұл соңғы жылдардағы ең төмен деңгей (2022 жылдың II-тоқсанында – 35,0% болған еді).


Долларландыру депозит нарығының барлық сегментінде төмендеуде. Долларландыру деңгейі әсіресе орта және ірі сегменттерде валюталық салымдардың жылыстауы себебінен (сәйкесінше бір жыл ішінде -7,1 және -9,0 пайыздық тармақтарға) төмендеді (8-сурет). Бұл ретте аталған сегменттерде валюталық депозиттердің жылыстауы теңгелік депозиттердің толысуымен өтелді. Долларланудың жалпы деңгейінде ірі сегменттің үлесі 19,6%-ды (өткен жылдың сәйкес кезеңінде – 22,0%), бұқаралық сегменттің үлесі 6,7%-ды (өткен жылдың сәйкес кезеңінде – 8,5%), орта сегментте 4,1%-ды (өткен жылы – 4,5%) құрады.

Сыйақы мөлшерлемелері

2023 жылдың II-тоқсанында депозиттер бойынша нарықтық мөлшерлемелер айтарлықтай өзгеріске ұшыраған жоқ. Жеке тұлғалардың депозиттері бойынша мөлшерлемелер ҚДКБҚ-ның максималды (шекті) мөлшерлемелер бойынша ұсыныстары негізінде банктер қабылдаған шешімдерге тікелей тәуелді. Бұл жерде мерзімінен бұрын алуға мүмкіндік беретін икемді шарттарымен ерекшеленетін мерзімсіз депозиттер бойынша шекті мөлшерлемелер ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесіне, ал банктердің тұрақты қорлануын қамтамасыз ететін мерзімді және жинақ салымдар бойынша мөлшерлемелер банктердің бәсекелестігінен туындайтын нарықтық мөлшерлемелерге байланыстырылған.


Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі мен нарықтық шарттар 2023 жылдың II-тоқсаны барысында өзгермегендіктен, банктер қысқа мерзімді депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін өзгертпеді десе де болады. Айталық, есепті тоқсанда мерзімсіз депозиттер бойынша нарықтық мөлшерлеме 15,1%-ды құрады. Бұл ағымдағы жылдың I-тоқсанымен салыстырғанда 0,1 пайыздық тармаққа жоғары (9-сурет). Мерзімі 1 жылға дейін болатын тұрақты депозиттердің (мерзімді және жинақ салымдар) нарықтық мөлшерлемелері де өткен тоқсанның деңгейінде сақталды десе де болады. Өйткені ауытқушылық

7-сурет. Депозиттердің долларлану деңгейі кезекті рекордтық көрсеткішке жетті




* долларланудың «психологиялық деңгейі» туралы сараптамалық пікірді білдіреді. Одан асып түсу банктік қор жинау жүйесі үшін белгілі бір тәуекелге әкеп соғады

8-сурет. Долларлану деңгейінің төмендеуі барлық сегменттерде байқалуда



9-сурет. Мерзімсіз депозиттер бойынша мөлшерлемелер айтарлықтай өзгерген жоқ




бар болғаны 0,1-0,2 пайыздық тармақтарды құрады (10- және 11- суреттер).


Инфляциялық қысым біртіндеп әлсіреп жатқан шақта ұзақ мерзімді депозиттер бойынша мөлшерлемелердің төмендегені байқалады. Мерзімі 1 жылдан асатын тұрақты депозиттер бойынша нарықтық мөлшерлемелер тоқсанның аяқталуына қарай 0,9 пайыздық тармаққа төмендеді. Нәтижесінде қысқа мерзімді жинақ және мерзімді депозиттер бойынша спред³ 1,6 пайыздық тармақ, ал ұзақ мерзімді жинақ және мерзімді депозиттер бойынша 3,7 пайыздық тармақ деңгейінде қалыптасты. Бұл нарықтың келешекте сыйақы мөлшерлемесінің төмендейтінін күтетіндігін білдіреді.

Инфляция деңгейі төмендеген сайын, салымдардың нақты табыстылығы өседі. 2023 жылдың маусым айының қорытындысы бойынша жылдық инфляция 14,6%-ды құрады. Ал 2023 жылдың наурызында ол 18,1%-ға жеткен еді. Инфляцияның бұлайша түсуіне шетелдік орталық банктердің пайыздық мөлшерлемелерді көтергендігі және әлемдік нарықтарда инфляцияның бәсеңдегені септігін тигізді. Депозиттер бойынша нарықтық мөлшерлемелер жоғары деңгейде қалғандықтан (мерзімі 12 айға дейін болатын жинақ салымдар бойынша – 14,4%-17,4%; мерзімді салымдар бойынша – 10,4%-16,1%; мерзімсіз салымдар бойынша - 15,1%), жеке тұлғалардың депозиттері бойынша нақты табыстылық II-тоқсанда оң нәтиже көрсетті. Инфляциялық қысымның алдағы уақытта төмендейтіндігіне қатысты болжамға сәйкес қазіргі уақытта ақшаны депозиттік өнімдерге салу – жинақ ақшалар бойынша жоғары табыстылықты бекітудің ең тиімді әдісі болып табылады.

10-сурет. Мерзімді депозиттер бойынша мөлшерлемелер де өзгеріссіз қалды



11-сурет. Жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелер депозит нарығында әлі де ең жоғары сыйақылардың бірі



³ қалыптасқан нарықтық мөлшерлеме мен депозиттік өнімнің нақты түрі бойынша шекті мөлшерлеме арасындағы айырмашылық